

SHÁKÁRIM

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI
SEMEL

SHAŃYRAǴY

Ақпараттық-танымдық басылым

2019 жыл №4 (116) сәуір



...Шәкәрім бабамның атында

Бөгеліп көрмеген көш әлі,
Тек қана үздіктер сапында.
Шығыста бар білім ошағы,
Шәкәрім бабамның атында.
Қырандай өрлеген қияға,
Түледі қаншама түлектер.
Осынау ұшырған ұяма,
Тартылып тұрады жүректер.
Сезімді сезімге ериткен,
Бұл орда - махаббат мекені.
Алаштық ұраным еліткен,
Ғасырдан-ғасырға жетеді.
Ғұмырлық арманға жалғанған,
Білім бар өмірлік азығы.
Шығатын өнерлі талғамнан,
Руханият елінің қазығы.
Биікке қанатты сермей бер,
Бақыт боп атады таң алдан.
Шарықта,
Өрлей бер,
Ой, менің киелі ақ ордам!

Р. Мұхаметрахимов,
университет түлегі.

«ТАЗА СЕССИЯ» - АДАЛДЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

Емтихандық сессия - студент өміріндегі ең жауапты кезең. Біздің міндетіміз емтихандық сессияларды таза да адал өткізу.

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық көріністері қоғамның әлеуметтік-экономикалық саласын ғана емес, рухани дамуына да кері әсерін тигізеді. Бұл, ең алдымен, еліміздің болашағы – жастарға айрықша әсер етеді. Оларды мектеп жасынан бастап, жоғары оқу орнын бітіргенге дейін адалдыққа тәрбиелеу керек.

Әсіресе, университет қабырғасында абай болған жөн. Себебі, плагиаттық жұмыстарды пайдалану, «шпаргалка» қолдану немесе сессия кезінде түрлі қулықтарға жүгіну студенттердің арасында жиі кездесіп жатады. Ал, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға кері әсерін тигізеді. Сондықтан жастарды академиялық адалдыққа баулу басты міндеттердің бірі болып табылады.

Осы тұрғыдан университетімізде білім алу үрдісінің қатысушыларының академиялық адалдық ережелері



бекітілген болатын. Аталмыш ережелерді қабылдаудағы мақсат - білім беру сапасын жоғарлату, оның әлемдік стандарттарға сәйкес келуіне және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ету. Осы тұрғыдан оқу орнында академиялық адалдық ережелерін қатаң түрде басшылыққа алуда.

Жалғасы 7-бетте.

■ ҚҰРМЕТ

ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ ОҚУЛАРЫ



Ғылыми семинар Шәкерім университеті ректор офисінің басшысы Әбдікәрімов Марат Орынтайұлының құттықтау сөзінен бастау алды.

Ғылыми семинар аясында Қинаят Шаяхметұлының жұбайы Күлзада Әшімқызы залдың төрінен орын алып, қызы Қарлығаш Қинаятқызының мұрындық болуымен ғылыми баяндамалар сайысы ұйымдастырылды. Жоғарғы оқу орындарының, колледждің студенттері мен мектептің 11-сынып оқушылары қатысуға мүмкіндік алған «Шаяхметұлы оқуларында» 11 үміткер бақтарын сынады.

Шәкерім университетінің қазақ филологиясы факультеті қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедрасының ұйымдастыруымен қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымы, Қазақ Білім академиясының корреспондент мүшесі, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, КСРО ағарту ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қинаят Шаяхметұлына арналған «Шаяхметұлы оқулары» атты қалалық ғылыми семинар өтті.

Топтан оза шыққан студенттер Қарлығаш Шаяхметқызы тағайындаған қомақты жүлдесіне ие болды.

мен әдебиеті мамандығының 3-курс студенті Ерке Қайырғалиева «Қинаят Шаяхметұлы зерттеулеріндегі ғылыми әдіснама: теория, тарих,



тәжірибе» атты баяндамасымен 2-орынды иеленіп, 50 мың теңгенің сертификатына қанжығасына байлады. Ал, жүлделі 1-орынды Шәкерім университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3-курс студенті Ажар Ануарбекова иеленіп, 100 мың теңге

Семей көпсалалы колледжінің 3-курс студенті Динара Төкенова «Ғалым Шаяхметов ғылыми еңбектеріндегі уақыт пен кеңістіктің тілдік сипаты» баяндамасымен 3-орынды қанағат тұтып, 25 мың теңгенің сертификатына ие болса, Шәкерім университеті, қазақ тілі

ақшалай сыйлықтың иегері атанды. Айта кететін бір жайт, «Шаяхметұлы оқулары» келесі жылы да дәстүрлі түрде өз жалғасын таппақ.

Үміт ИТЖАНОВА,
Қазақ филологиясы факультетінің 3-курс студенті.

■ ТАҒЫМ

Абай ауылына саяхат

13 сәуір күні Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының 2 жылдығына орай, Аграрлық факультетінің студенттерімен Семей жобалық кеңсесінің қызметкерлері Хакім Абайдың ауылына саяхат жасап қайтты.

«Қазақстанның киелі жерлері» жобасына Семей өңірінен Жидебайда орналасқан «Абай-Шәкерім» кесене кешені енгені барлығымызға мәлім.

Осы тарихи мекенге Семей жобалық кеңсесінің қызметкерлері және «Ветеринариялық санитария» кафедрасының оқытушысы Жүзжасарова Гүлнұр Еркінғазықызының ұйымдастыруымен экскурсия жасадық.

Студенттер қазақтың бас ақыны, ұлы ойшылы Абай Құнанбаевтың Жидебайдағы музей-үйіне,



Күшікбай мекеніне, Еңлік-Кебек ескерткішіне, Бөрлідегі М.Әуезовтың мұражайына тоқтап, Қоңыр әулие үңгірінің тарихымен танысты.

Абай елінің тарихымен танысуды мақсат еткендердің басым көпшілігі академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Шәкерім университетіне білім алуға Қостанай, Шымкент, Алматы, Тараз қалаларынан келген студенттер болды.

Жастар ақынның заманынан жеткен құнды жәдігерлер мен тарихи деректерге қанық болып, Қоңыр әулие үңгірінің тылсым күштеріне деген таңданыстарын жасырмады.

Рухани азық болған саяхат студенттеріміздің киелі жерлерімізді танып білуге деген қызығушылықтарын арттырды.

Н.М. Маратова,
«Мәңгілік Ел» кафедрасының бас маманы.

■ АНОНС



«ДИДАКТИКАЛЫҚ КӨПІР: ЕУРОПА-АЗИЯ»

2018 жылдың сәуір айында Шәкәрім университеті Еуропа және Азия жоғары оқу орындары арасында «Дидактикалық көпір: Еуропа-Азия» ірі халықаралық білім беру форумын ұйымдастырған болатын. Араға бір жыл салып «Дидактикалық көпір: Еуропа-Азия» III халықаралық білім форумын 26-28 мамыр күндері өткізу жоспарлануда.

Форумның мақсаты - отандық және халықаралық тәжірибені ғылым мен білімді ізгілендіру арқылы тарату мүмкіндігін талқылау.

Форум жұмысының негізгі бағыттары:

- жаңа білім беру бағдарламалары мен технологиялары;
- ғылыми коллаборация: зияткерлік ресурстарды біріктіру;
- қашықтықтан білім беру және өмір бойы оқыту.
- жаңа ғылымды қажетсінетін технологиялар.

Халықаралық форумға шетелден делегаттар келеді деп күтілуде.

Олардың қатарында:



Мониф Зоби,
Ислам Ғылым
Академиясының
бас директоры,
PhD, профессор
(Иордания).



Тао Итао,
Шенжень
университетінің
вице-президенті,
PhD, профессор
(Қытай).



Мачей Петшак,
Лешно қаласындағы Ян
Амос Коменский атындағы
мемлекеттік жоғары кәсіптік
білім беру мектебінің ректоры
PhD, профессор (Польша).



Джон Ли,
Кыюнгдонг университетінің
президенті, PhD,
профессорі
(Оңтүстік Корея).



Доминик Джордан,
экономика бойынша
Швейцариялық қолданбалы
білім беру жоғары
мектебінің ректоры,
PhD, профессор
(Швейцария).



Basma Dajani,
Иордания
Университетінің
Профессоры,
доктор PhD
(Иордания).



**Землюков Сергей
Валентинович,**
Алтай мемлекеттік
университетінің
президенті, з.ғ.д.,
профессор, (Ресей).



**Майер Георгий
Владимирович,**
Томск мемлекеттік
университетінің
президенті,
т.ғ.д., профессор,
(Ресей)

Күтілетін нәтижелер:

- Шәкәрім университетінің жаңа білім беру бағдарламаларының тұсаукесері;
- білім беру бағдарламаларының ұтқырлығының шетелдік тәжірибесін зерделеу, жұмыс берушілердің сұранысы бойынша жаңа бағдарламаларды енгізу;

- қазақстандық және шетелдік ғалымдар арасындағы пәнаралық ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту.

Университет баспасөз қызметі.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ЖАСТАРҒА



– «Семей жобалық кеңсесінің» ашылуы жайында кеңірек түсінік бере кетсеңіз.

– Шәкәрім университетінің ректоры Мейір Ескендіровтың бастамасымен «Семей жобалық кеңсесі» ашылған болатын. Оқу жылының салтанатына Қазақстан Республикасы Президенті аппаратының ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Аида Балаеваның және зиялы қауым өкілдері қатысты.

«Семей жобалық кеңсесін» ашудағы басты мақсат - ұрпақ тәрбиесіне деген ұстанымды нығайтып, жастардың бойына ұлттық сананың берік орнығуына ықпал ету. Осы тұрғыдан қазіргі

Оқу жылының басында Шәкәрім университетінде «Семей жобалық кеңсесі» ашылған болатын. Орталық қызметкерлері «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдап, тұрғындармен бағдарламаны іске асыру бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

«Семей жобалық кеңсесінің» жетекшісі Бақытгүл Оралбековамен болған сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.



кезеңде Ұлткөшбасшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласын жастарға түсіндіру, насихаттау және студенттер ортасында рухани даму бағытындағы іс-шараларды ұйымдастыру кең ауқымда жүргізілуде.

– Аталмыш Кеңсе аясында ашылған Елбасы кітапханасының мақсаты қандай?

– Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен егеменді ел болдық. 28 жыл ішінде атқарылған Ұлы істер - біздің тарихымыз. Тұңғыш Президентіміздің тәуелсіздік жылдарында жазған елеулі еңбектері, басқа елдермен жасаған дипломатиялық қарым-қатынастары, әлемдік деңгейдегі

саясаткерлердің Елбасы туралы жазған пікірлері де Семей жобалық кеңсесінің Елбасы кітапханасы төрінен орын алып отыр.

Елбасы кітапханасы жастарды патриоттыққа тәрбиелеуге баға жетпес көмек көрсетуде. Елбасы кітапханасындағы кітаптардан студенттеріміз еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы тарихынан толық мағлұмат алатын алаң болып отыр.

Таяуда «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің 100 жылдығына орай Шәкәрім университетінде конференция өтті. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті АҚ басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі «Семей жобалық кеңсесімен танысып, «Елорда», «Бақорда» кітаптарын табыстады.

Елбасының «Ұлы даланың жеті



ЖАРҚЫН ЖОЛ

қыры» мақаласын негізге ала отырып Ұлы Дала тарихы бөлімінде XIX-XX ғасырлардағы құнды жәдігерлер топтамасында кісе белбеу және ат әбзелдері орналастырылған. Атап айтқанда, ат әбзелдері, соның ішінде оқшантай, пістан, өмілдірік, белбеу және де ер, әйел адамдардың, балаға арналған кісебелдіктермен қатар ертоқым да бар. Ертоқым құнды коллекцияның бірі болып саналады. Бұндай көне жәдігер үш-ақ жерде бар. Оның бірі өзіміздің Шәкәрім университетінде сақталған.

– Жастардың арасына ұлттық құндылықтарымызды насихаттау жолдарына тоқтала кетсеңіз...

– Үстіміздегі жылдың 21-ші наурызында еліміздің Шығысында тұңғыш рет өткізілген Халықаралық Білім құрылтайы Шәкәрім шаңырағында өткен болатын. Осы басқосу аясында бірнеше білім алаң жұмыс атқарды. Соның бірі «Семей жобалық кеңсесінде» «Әлемдегі қазақ қауымы және құндылық мәселелері» тақырыбында ашық пікір алмасу алаңы жұмыс жасады. Германияның Мюнхен қаласынан келген Европа қазақтары қоғамы федерациясының төрағасы Абдулкаюм Кесежи және шетелден келген қонақтарымызбен тәжірибе алмасып, ұлттық құндылықтар насихатталды. Бұл кездесу біз үшін тарихи сәт болды.

Сондай-ақ, «Мәңгілікел» идеясын насихаттау, түсіндіру, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында - Шәкәрім университетінде «Мәңгілік ел» кафедрасы ашылды және де арнайы бағдарлама құрылып барлық мамандықтарда үш кредиттік «Мәңгілік ел құндылықтары» деген пән оқу жүйесіне енді.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласына байланысты «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» тақырыбында облыстық семинар – тренинг өткізген болатынбыз.

– Алда «Семей жобалық кеңсесінің» жоспарлары қандай?

– Жоспарлап отырған жұмыстарымыз көп. Көптеген жұмыстар атқарылды. Алда да әлі атқарылатын шаралар жетерлік. Жобалық кеңсенің ұйымдастыруымен «Семей жастардың көзімен» деген челлендж ұйымдастырған болатынбыз. Осы челленджді өткізудегі мақсатымыз - Семей жастары қаламыздың көрнекті орындарымен тарихын қаншалықты біледі деген мақсатта ұйымдастырылды.

**Жаңалық Бахытқалиқызы,
Шәкәрім университетінің
4 курс студенті.**

АТА ЖҰРТҚА ТАҒЫМ



**АБДУССЕЛАМ САВАС.
ЛОНДОН. ҰЛЫБРИТАНИЯ.**


– Қанша жылдан бері көріп жүрген қиыншылық, зорлық, сағыныш жүрегімізде жара құсап жиылып қалған. Сіздер бұған ем болдыңыздар. Бәрі көзімізден жас болып шығып жатыр, ешкім жоқ жерде жылап, жүрегім рахаттанып отыр. Энергия толтырып, күш-қуат жинап бұдан кейін қазақ халқына, Сіздерге тағы көп жұмыс істеймін деген ой түсіп отыр. Ректор, Мейір

Ескендіров мырзаға Шәкәрім шаңырағы ұжымына не айтсақ та сөз жетпейді. Жақсылықтарыңыз еселеніп қайтсын!

Ендігі жұмысымыз, Сіздердегі қазақ руханиятын Еуропадағы жастарымыздың жүректеріне орналастыру. Міндетті түрде соған тырысамыз, өзім енді осы жылы болмаса да келесі жылы міндетті түрде келем деп ойлаймын. Сіздердің жасаған қызметтеріңізді өз көзімізбен көріп, Мейір мырзаны өз құлағымызбен тыңдап қуанып отырмыз. Қазақстанның келешегіне жақсы күн туып келе жатыр. Сіздердей жас батырларымыз көбейе берсін деген тілектеміз. Аман болыңыздар!

**ФАЗЫЛ ТОПЛУ. ТҮРКИЯ. СТАМБУЛ
Түркиядағы қазақтар
қауымдастығының төрағасы**

– Қазақстанға шақыртумен қанша келіп кетсем де дәл Шәкәрім университетіндей қонақ күткен шаңырақты алғаш көруім. Аяқта тұрып қонақ деп сыйлап, жақсы құрмет көрсетті. Жан- жақты дайындалып, көп тер төккендері көрініп тұр. Бұл құрылтайдың бізге көп пайдасы тиді. Семейдің дастарханынан дәм тартқанның өзі біз үшін тарихи сәт болды. Түрікше «çok memnun oldum» дейді ғой, қатты разы болдым. Ризамын!



**НЕЗИХА ТҮРКЕН. ПАРИЖ.
ФРАНЦИЯ.**

– Халықаралық білім құрылтайы үлкен әсер сыйлады. Бұл менің Семей қаласына алғашқы сапарым болды. Ата – жұртымыздың топырағын иіскеп қуанышты көңіл күймен оралдық. Ең алдымен Шәкәрім университетінің ұжымына, басшылығына алғысымды білдіремін. Францияда өсіп келе жатқан балаларымыз бүгінгі таңда ана – тілін, мәдениетін ұмытпауы үшін бар күш-жігерімізді саламыз.

**МҰРАТ ЕРМИШ. ВЕСТЕРОС.
ШВЕЦИЯ**

– Шәкәрім университеті – ерекше бір халықаралық Білім Құрылтайын өткіздіңіздер. Сіздерге үлкен рахмет! Мейрамда жан-жақ шет елден келген қандастарымыз бір – бірімізді көріп қуанып, мерекемен құттықтап қайттық. Сонымен қатар білім құрылтайында білім алмасып, пікір білдірдік. Өте керемет өтті. Көңілімізден шықты!



БЕЙБИТ ЗАМАНДА ДА ЕРЛІК ЖАСАУҒА БОЛАДЫ

■ СҰХБАТ



– Советқазы Бекенұлы, қысқаша өзіңіздің өмір жолыңызға тоқтала кетсеңіз.

– 1964 жылы 26 мамырда Жарма ауданы, Ақдiңгек ауылында дүниеге келдiм. Осы ауылда 10 сыныптық мектепті аяқтадым. Кейiн Жарма ауданы Скотоимпорт совхозының Үш-биiк бөлiмшесiнде тракторист болдым.

1982 жылы әскер қатарына алынып, 7 жыл Кеңес Одағы Қарулы Күшiнiң қатарында жүрiп, әскери құрылысшы, взвод командирi және рота старшинасы болдым. 1986 жылы Украинада Чернобыль апаты орын алғанда бiз Өзбекстан жерiнде болдық. 1988 жылы бiздi АЭС жарылыс орнын залалсыздандыруға жiбердi.

– Әлемдi үрейлендiрген апаттың дәл ортасында жүру Сiздiң бойыңызға қорқыныш әкелген жоқ па?

– Армия қатарында болғандықтан әскери бұйрықты орындау мiндетiң. Ол жаққа аттанарда өмiрiмiзге қауiп төнетiнiн бiлдiк.

Дегенмен бұйрық тек орындалады, талқыланбайды. Ол аймақтың қаншалықты қауiптi екенiн КСРО Қорғаныс министрiнiң мына бұйрығы байқата түскендей. Армия генералы Д.Язов қол қойған №045 бұйрықта:

«Залалсыздандыру жұмыстарына жасы 30-ға жеткен, үйленген, екi немесе одан да көп баласы бар азаматтар ғана тартылсын. Жұмыс мерзiмi 3 айдан аспасын» деп жазылған. Сөйте тұра апат орнына өздерi сұранғандар да болды. Олар Отан алдындағы борышын өтеу парыз деп санады.

1986 жылдың 26 сәуiрiнде Чернобыль қаласында атомды энергияны пайдалану тарихында мыңдаған адамның өмiрiн қиған ең iрi апат орын алды. Зардабы жан түршiктiрерлiк, залалы жылдарға созылған осы бiр қатерлi оқиғаға өздерiн құрбан ете отырып, апат зардабын жоюға 35 мыңнан астам қазақстандық қатысты. Солардың қатарында университетiмiздiң «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының аға оқытушысы КАЙСАНОВ СОВЕТҚАЗЫ БЕКЕНҰЛЫ да болған едi.

Онда әскери борышын өтеп жүрген жас жауынгерлер де көптеп тартылды.

Сол көптiң қатарында менде болдым. Менi 2 айға деп апарып, 2,5 айда қайтарды. Бiз апатты аймақтан 15 шақырым жерде тұрдық. Басында қауiптi аймақ 15 шақырым деп белгiлеген, кейiн 30 шақырым жер қауiптi аймақ болып саналды. Ол жерде мен рота старшинасы болдым. Негiзгi мiндетiм апат салдарын жоюшыларды киiндiру, уақытында тамақтандыру болды. Арасында апат болған аймаққа жiберiп тұрды. Солай 81 күннiң қалай өтiп кеткенiн байқамадық.

– Өзiңiздi «Чернобыль» мүгедектер қалалық қоғамының төрағасы ретiнде бiлемiз. Семей қаласынан апат салдарының алдын алуға аттанғандар саны қанша болды?

– Семейден 1986-1989 жылдар аралығында 350-ге жуық адам апат салдарын жоюшылар қатарына аттанған болатын. Бүгiнде соның 166-сы ортамызда жүр. Ол жаққа аттанғандардың барлығы елге аман-есен оралды.

Дегенмен жылдан-жылға Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқандардың саны азайып келедi. Себебi көзге көрiнбейтiн жаумен арпалысқандай болдық. Барлығы атом станциясын салу кезiнде асығыстық таныту салдарынан болды. Сондай асығыс кезде жiберiлген ақау, уақыт өте келе үлкен апатқа әкеп соқты.

Жарылыс болған жердi залалсыздандыруға барып, жандарына жара түсiрiп жатқан азаматтар күнi бүгiнге дейiн зардабын тартып келедi. Солай бола тұра өмiрден еш қызық көрмей аяқасты қайтыс болып жатқандар да қаншама.

Бүгiн де аман жүргендерге өкiмет тарапынан көптеген жеңiлдiктер

жасалып, еңбектерi еленуде. Тұңғыш Президентiмiз Нұрсұлтан Назарбаев Чернобыль оқиғасына қатысқандардың мәселесiне үлкен мән бердi. 2008 ж ҚР Президентiнiң Жарлығымен апат салдарын жоюшыларға «Ерлiгi үшiн» медалы табысталды.

– Сiз ерлiк жасаған азаматтардың бiрiсiз. Бүгiнгi жас буынның бойындағы қандай қасиеттердi бағалайсыз?

– Менiң өз ойымша ерлiк жасаған жоқпын. Бiз азаматтық, әскерлiк және Үкiметтiң алдымызға қойған тапсырмасын адал орындадық. Бұның соңы қайда апаратының ойлаған жоқпыз.

Ерлiк жасау, ол әркiмнiң қолынан келе бермейдi, кейде өзiнiң ерлiк жасағанын бiлмейтiн де адамдар бар. Ерлiк жасау үшiн қолыңа қару алып соғысу мiндет емес деп бiлемiн.

Қазiргi жастар барлық тұрғыда белсендi. Мысалы бiздiң факультеттен бiтiрген жас мамандар мемлекеттiк қызметте, шағын және орта бизнесте, ал студенттер университеттiң, қаланың және республика көлемiнде қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Мұның барлығы бүгiнгi буынның отансүйгiштік қасиетi. Ал, өсiп келе жатқан жас буын азаматтық борышын адал орындайды деп сенемiн.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевта жастарға үлкен басымдық берiп, биылғы жылды «Жастар жылы» деп жариялаған болатын. Себебi елiмiздiң болашағы жастардың қолында!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгiмелескен:
Наргиз Төреханқызы,
журналистика мамандығының
4 курс студентi.

«ТАЗА СЕССИЯ» - АДАЛДЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

Басы 1-бетте.

Студенттер мен профессорлық-оқытушылық құрамы арасында академиялық адалдық принциптерін бұзу бойынша фактілерді тіркеу және қарастыру бойынша, құрамында 21 адам бар университетіміздің әкімшілік-басқару персоналдарынан комиссия құрылды. Комиссия - білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын тәуелсіз сарапшы орган ретінде құрылады және білім алушылардың оқу қызметінің, Шәкәрім университетінің оқытушылары мен қызметкерлерінің кәсіби қызметінің нәтижелеріне адамгершілік-этикалық бағалауды қамтамасыз етеді.

Шәкәрім университетінің студенттері мен профессорлық-оқытушылық құрамы, қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттерді болдырмау және анықтау, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында өткен жылдың 10-27 желтоқсаны аралығында Тіркеу офисімен және Студенттер парламентімен «Таза сессия» акциясы өткізілді. Осы акция негізінде университетіміздің 7-інші корпусының 509 аудиториясында арнайы диспетчерлік пункт құрылды. Бұл пунктте жазбаша және компьютерлік тестілеу өткізілетін әрбір аудиторияға қойылған бейнекамералар арқылы бақылау жүргізілді.

Емтихан тапсыру барысында байқалған тәртіп бұзушылықтардың скриншоттары жасалып, емтихан тапсырушы студентке қатаң ескертулер жасалып, емтиханнан шығарылып жіберген жағдайлар да болды. Тәрбие және жастар саясаты бөлімінің қызметкерлері, студенттер «Таза сессия» комиссиясының рейдтерін жасады. «Сенім жәшігі» қойылып, университеттің оқытушылары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты ақпарат бере алатын арнайы жұмыстар ұйымдастырылды. Осы кезеңге дейін «Сенім жәшігіне» шағым хаттар түскен жоқ.

Сонымен қатар, 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап университетімізде студенттер мен профессорлық-оқытушылық құрамының академиялық адалдық кодекстері қабылданған. Студент сессияны қаншалықты қиын болса да, адал тапсыруы керек. Сол үшін сессия кезінде, пара тұрмақ, өзге де, тыйым салынған әдістерді қолданбауы тиіс. Өз кезегінде, оқытушы студентке сапалы білім беруге тиіс және де студент білімін лайықты бағалауға міндетті.

Бүгінде университет студенттерінің арасында әр факультет декандарының ұйымдастыруымен «ҚР-ның 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын жүзеге асырылуы туралы» кураторлық сағаттар өткізілді. Бұл шаралар білім мекемесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті шынайы бағалауға мүмкіндік береді және осы шаралардың барлығы коррупцияға қарсы саясаттың тиімділік дәрежесі бойынша сараланады. «Таза сессия» акциясы аясында ұйымдастырылған «Оқытушы

студенттің көзімен» атты сауалнама нәтижесі бойынша арнайы мониторинг жасалынып отырады.

Сонымен қатар, осы ағымдағы жылдың қаңтар айында университетте «Антиплагиат» бағдарламасы енгізілді. Осы бағдарлама арқылы оқу және ғылыми жұмыстардың мынадай түрлері міндетті тексеріледі:

- студенттердің дипломдық жұмыстары/ жобалары;
- магистранттар мен докторанттардың диссертациялары;
- білімалушылардың, қызметкерлердің және профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми-әдістемелік басылымдарда жариялауға ұсынатын мақалалары, ғылыми жұмыстары;
- білімалушылардың университет аралық, халықаралық конкурстарға ұсынатын ғылыми жұмыстары.

Алдыңғы аптада университеттің ғылыми кітапханасының қызметкерлері профессорлық-оқытушылар құрамымен және студенттермен жиналыс өткізіп, «Антиплагиат» бағдарламасының жұмысы мен талаптарын толықтай түсіндіріп өтті.

Бұл жағдай жаңадан қабылданған Академиялық адалдық ережелерінде қарастырылған. Академиялық адалдық ережелерін бұзылуына Шәкәрім университетінің білімалушылары, ПОҚ және қызметкерлері жауап береді және қажет болса тәртіптік жазаға тартылады.

Академиялық адалдықтың бұзылуы:

- 1) ағымдағы үлгерімді бақылау;
- 2) аралық аттестаттау;
- 3) қорытынды аттестаттау (мемлекеттік/кешенді емтихандар, бітіру жұмыстарын қорғау).
- 4) ғылыми-зерттеу жұмысы кезінде анықталуы мүмкін.

Егерде білімалушылардың академиялық адалдық ережелерін бұзу фактілері анықталған жағдайда, осы фактіні тіркеген оқытушы немесе білімалушы заттай дәлелдемелерді қоса отырып, факультет деканы жазбаша түрде хабардар етеді. Факультет деканы сол күні құрамына кафедра меңгерушісі мен кафедра қызметкерлері кіретін тәртіптік комиссия отырысында мәселені қарап, шешім қабылдау керек.

Егер де сыбайлас жемқорлық фактісі орын алатын болса, студент те, оқытушы да заңға, адалдық кодексіне сәйкес жазаланатын болады.

Қорыта айтқанда, біз «Таза сессия» акциясын кеңінен қолдай отырып, ел болашағы болатын жастардың бойына сыбайластық, жемқорлық сияқты жат әрекеттерден сақтандыратын иммунитет қалыптастырамыз.

Шәкәрім университетінің оқытушылары мен студенттері осындай игілікті шараға өз үлестерін қосатындығына сеніміміз мол.

Сәуле Төлеуғалиева,
Шәкәрім университетінің
Академиялық мәселелер жөніндегі
департаментінің директоры.



Сынақтан сүрінбей өтмек десең...

Емтиханға дайындық және оны тапсыру кезінде жүйке жүйесіне салмақ түседі. Сондықтан емтиханға психологиялық дайындық қажет. Емтихан кезінде ең бастысы өзіңізге сенімді болыңыз. Өзіңізге сенімсіз болған сайын, үрей де артады.

Егер сіз ішіңізден: «Менің есте сақтау қабілетім нашар!», «Мен математикаға қабілетті емеспін!», «Мен бұл емтиханды ешқашан тапсыра алмаймын!», - деп ойласаңыз сіздің жүйке орталығыңызға берген бұйрығыңыз әлсіз болады. Емтиханды сәтті өткізудің ең басты қағидасы - тек қажырлы еңбек екенін ұмытпаңыз.

Сынақтан сүрінбеу өту жөніндегі кеңестерді назарларыңызға ұсынамыз.



Емтиханға қалай дайындалу керек?

Емтихан алдында сіздің не білетініңізді бақылау пікірінен бастайық... Бұл сұрақтың жауабы сіздің емтиханға дайындығыңыздан басталады.

I кезең. Өзіңіздің «білу» және «білмеу» деңгейіңізді анықтаңыз. Барлығын қайталап, уақыт кетірудің орнына нені білмейсіз соған уақытты көбірек бөліңіз.

II кезең. Қайталау жоспарын құрыңыз. Емтиханға дайындықты екі ай бұрын бастау керек. Ұмытылған дәрістерді үш апта бұрын қайталаған жөн. Емтиханға бір апта қалғанда жоспарды, қайталау кезінде жазылған конспектін қайта бір шолуды ұмытпаңыз.

III кезең. Емтиханға бір күн қалғанда, ештеңені қайталама, жаттама!!! Басыңызда білім орнығу үшін жақсы тынығу керек.

Емтиханды жақсы тапсыруға үш жағдай әсер етеді:

1. Жақсы дайындық.
2. Емтиханды тапсыру барысындағы мидың табысты жұмысы.
3. Емтиханды тапсыру техникасы.

Емтихан күндерінде ағзаңыз бен миыңыз ең жақсы күйде болу үшін не істеу керек?

1. Емтиханға бір күн қалғанда зияткерлік жұмыспен айналыспаңыз. Таза ауада демалыңыз. Кешке кино көруге болады. Бірақ тек кинокомедия көрген абзал.

Дау-жанжалдан аулақ болыңыз.

2. Емтихан алдында, түнде конспектін қайта бір шолуға бір сағат уақытыңызды арнаңыз. Дұрыс білмеймін деген негізгі бөлімдерге көбірек назар аударыңыз.

3. Емтихан күні ұйқыңыз қанық болу керек. Емтиханға тым ерте келмеңіз, 15 минут бұрын ерте келу жеткілікті.

4. Е м т и х а н д ы алғашқылардың қатарында тапсырыңыз. Көп күту, психологиялық түрде жалықтырады.

5. Емтиханға бара жатып, өзіңізбен бірге конспектін алуды ұмытпаңыз. Көшіріп жазу үшін емес, өзіңізде сенімді қорған бар екендігін сезіну үшін.

Емтиханды тапсыру техникасы.

1. Емтиханда тез ойлап, жылдам жұмыс істеу керек.
2. Емтихан билетін назар салып оқығаннан кейін, 1-2 минут үзіліс жасаңыз. Бұндай үзілістер, уақыт аз болса да, ойды жинақтауға жақсы көмектеседі.
3. Сіздің миыңыздың дәлдігі сіздің тұрған кейпіңізге байланысты. Денеңізді еркін, тік, басыңызды көтеріңкі ұстаңыз. Дауысыңызды шығарып, еркін сөйлеңіз. Емтихан қабылдаушының көзіне тура қарап, ештеңеден жасқанбаңыз.
4. Өзіңізге ыңғайлы болатындай киім киініңіз.

Беттің әзілі!

Екі студент
коридорда кездесіп қалады.

Біріншісі екіншісінен:

- Қайда асығып

бара жатырсың?

- Емтиханға!

- Емтиханың қай пәннен?

- Барғасын айтады ғой...

Бетті әзірлеген

Динара Адай,

журналистика мамандығының студенті.



Құрылтайшысы:
Семей қаласының Шәкәрім
атындағы мемлекеттік
университеті.

Студент - жастарға арналған
ақпараттық-танымдық
басылым айына
бір рет шығады.

Редактор
Дәулет ТІЛЕУБЕРДИЕВ

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігінің Ақпарат комитеті
берген тіркеу куәлігі № 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Редакцияның
мекен-жайы:
Семей қаласы,
Глинка
көшесі, 20 а,
Телефон: 31-87-78

Газет Семей қаласының
Шәкәрім атындағы
мемлекеттік университетінің
баспаханасында басылып
шығарылды.
Тел: 31-88-34
Семей қаласы, Глинка, 20 а
Таралымы 500 дана